

«6D020600 – Дінтану»

мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Қасабекова Еңлік Құралғазықызының «Қазақ халқының рухани әлеміндегі зайырлылық пен діндарлық дәстүрлері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымның даму басымдықтарының ішінен – 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен – 7.2 Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.6 Қоғамды жаңғырту жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүр мен құндылықтардың ортақтығы бабына сәйкес келеді.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	6D020600 – Дінтану Философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында әзірленген диссертация жұмысы.
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	

		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертация нақты мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды , ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған .	Зерттеу жұмысының ғылымға қосар үлесінің елеулі екені айқын. "Қазақ халқының рухани әлеміндегі зайырлылық пен діндарлық дәстүрлері" тақырыбы Қазақстан қоғамындағы рухани, тарихи және мәдени үрдістерді зерттеуге мүмкіндік беретін, ғылымға елеулі үлес қоса алатын маңызды мәселе. Бұл тақырыпты зерттеу тек академиялық маңызы бар жұмыс ғана емес, сонымен қатар ұлттық бірегейлікті сақтау, рухани тұтастықты нығайту және қоғамдағы діни сана мен зайырлылық арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған стратегиялық маңызды іс.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмыс барысында қолданылған ғылыми ұғымдар нақты, дәйекті және дұрыс қолданылған. Автордың ғылыми стильді меңгергендігі, тілінің сауаттылығы мен академиялық тілі көрініс тапқан. Артық публицистикалық, эмоциялық тіркестерден аулақ, ғылыми бейтараптық сақталған. Диссертация жұмысының мәтіні және жарияланған автордың мақалаларынан ғылыми жазу деңгейінің жоғары екенін көреміз. Ал ғылыми стилінен ізденушінің маманданған саласындағы дінтанулық категориялық аппарат пен негізгі ұғым-түсініктерді орынды қолданып, қорытындылыр жасаған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация жұмыс рухани мәдениеттегі зайырлылық пен діндарлықтың өзара байланысын алғаш рет кешенді қарастырған зерттеу. Бірақ ізденуші бұл туралы атап жазбаған. Мысалы діндарлық пен зайырлылық құбылыстарын қатар қойып тарихи даму контекстінде кешенді қарастырған бұған дейін арнайы зерттеу болған жоқ. Түркілер заманынан бастап, орта ғасыр, Абай дәуіріндегі діндарлық пен діни сананың ерекшелігін философтардың көзімен көріп, сөзімен жазып берген дінтану ғылымында зерттеу болмады. Үшінші тарауда қазіргі әлеуметтік және рухани ахуалмен сабақтастығы арқылы тақырыптың практикалық маңызы арта түседі. Ізденуші тақырыпқа байланысты қойылған ғылыми міндеттері арқылы зерттеудің өзектілігін нақты негіздеп көрсеткен.

		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертация тақырыбы екі негізгі рухани құбылыстың (зайырлылық пен діндарлықтың) қазақ халқының рухани әлемінде көрініс табуын зерттеуге бағытталған. Бірінші бөлімде теориялық-әдіснамалық негізде анықталып, зайырлылық пен діндарлықты философиялық, дінтанулық және мәдени аспектіде түсіндіруге жол ашады. Екінші бөлімде қазақ халқының тарихи-мәдени кеңістігінде бұл ұғымдардың нақты көріністері мен эволюциясы көрсетіледі. Үшінші бөлімде қазіргі Қазақстан қоғамындағы өзекті рухани-әлеуметтік үдерістер тұрғысынан талданып, практикалық мәнге ие болады. Бұл мазмұндық құрылым диссертация тақырыбының барлық семантикалық қырларын ашуға мүмкіндік береді. Тақырып кең ауқымды болғанымен, мазмұн оны нақты бағыттарға бөлу арқылы шектеп, ғылыми жүйеге келтіріп тұр. Яғни: тек діни немесе саяси емес, рухани-мәдени аспектіде қарастырылған; қазіргі ахуалмен шектелмей, тарихи сабақтастықта зерделенген; зерттеу нысаны ретінде тек институттық дін емес, қоғамдық сана, ұлттық дүниетаным қамтылған. Бұл тақырып пен мазмұн арасындағы тепе-теңдіктің сақталғанын білдіреді.
		1) айқындайды;	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Қазақ халқының рухани әлеміндегі зайырлылықты зерттеудің теориялық, әдіснамалық және тұжырымдамалық негіздерін анықтау міндеті зерттеу нысанының (зайырлылық құбылысының) ғылыми аппаратын ашуға бағытталған. Ол негізгі ұғымдарды түсінуге, тарих пен қазіргі қоғамда зайырлылықтың мәнін түсіндіруге жағдай жасаған. Қазақ халқының рухани әлеміндегі діндарлықты зерттеудің теориялық, әдіснамалық және тұжырымдамалық негіздерін анықтау алдыңғы міндетпен сабақтас. Діндарлық феноменінің де ғылыми негіздерін ашу арқылы зерттеудің басты мақсатына діни дәстүрлердің тарихи және қазіргі рөліне баға беруге мүмкіндік жасалған. Түркілер кезеңінің рухани-мәдени дәстүрлеріндегі зайырлылық пен діндарлықты талдау арқылы тарихи бастаулар қарастырылады. Осы арқылы тарихи маңыздылық айқындалып, зерттеу мақсатының бірінші бөліміне толық сәйкес келеді. Қараханидтер дәуірінен бастап қазіргі кезеңге дейінгі Қазақстанның әлеуметтік-мәдени және діни-рухани кеңістігіндегі зайырлылық пен діндарлықтың өзара байланысын айқындау екі ұғымның (зайырлылық пен діндарлықтың) бір-бірімен байланысын көрсетіп, олардың қазіргі мәдени-тарихи дамудағы рөлін ашуға мүмкіндік береді.
		1) сәйкес келеді;	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	

			Абай шығармашылығы арқылы қазақтың рухани дүниетанымын нақты тұлғалық-мәдени деңгейде талдау барысында бұл тарих пен қазіргі ой-сананың жалғастығын, мәдени рефлексияны көрсетеді. Зайырлы Қазақстан болашағындағы діндарлықтың рухани ықпалының рөлін негіздеу зерттеу мақсатының қазіргі қоғамға бағытталған тұжырымын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Берілген міндеттер зерттеу мақсатының екі негізгі бағытын — тарихи маңыздылықты және қазіргі мәдени-тарихи контексте рөлін толық ашуға бағытталған. Әрбір міндет мақсатқа нақты түрде қызмет етеді, сондықтан тақырып, мақсат және міндеттер арасында толық ғылыми және мазмұндық үйлесімділік бар деп қорытынды жасауға болады.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:		Диссертацияның барлық бөлімдері мен ғылыми ережелері өзара логикалық байланыста және жүйелі құрылымда құрылған. Тақырыпта көрсетілген екі негізгі ұғым зайырлылық пен діндарлық дәстүрлер мақсатта нақты сипатталып, олардың тарихы мен қазіргі қоғамдағы рөлі зерттеу объектісі ретінде алынады. Бұл мақсатыңыздың тақырыппен толық сәйкес екенін дәлелдейді. Міндеттер алдымен теориялық негізді, кейін тарихи-мәдени даму жолын, одан соң қазіргі кезеңмен сабақтастығын зерттеуге бағытталған. Бұл – ғылыми жұмыстың мазмұны логикалық дәйектілікпен құрастырылғанын көрсетеді. Диссертациялық жұмыстың барлық бөліктері тақырып, мақсат, міндеттер және оларды жүзеге асыру жолдары — логикалық тұрғыда жүйелі, өзара байланысқан және ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді. Мұндай құрылым зерттеудің нәтижелі жүргізілуіне, мазмұндық тұтастығына және ғылыми жаңалығының негізділігіне кепілдік береді.
	1) толық байланысқан;		
	2) ішінара байланысқан;		
	3) байланыс жоқ.		
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:		Автор Кеңестік және батыстық әдебиеттерде жиі кездесетін дін мен зайырлылықтың қарама-қарсы ұғымына сын көзбен қаралып, қазақ болмысына сай балама тұжырым ұсынылған. Бұрынғы еңбектерде діндарлық көбіне шарияттық және институционалдық сипатта берілсе, бұл диссертацияда оның адамгершілік-этикалық және дүниетанымдық мазмұны алға шығарылады.. Отандық ғалымдардың еңбектерімен қатар, шетелдік зерттеулер де салыстырылып, Батыс секуляризмі мен Шығыс діндарлығы арасындағы концептуалдық айырмашылықтар көрсетілген. Диссертациялық жұмыста автор ұсынған жаңа ғылыми қағидаттар мен әдістемелік тәсілдер нақты тарихи және философиялық деректерге сүйене отырып дәлелденген. Бұл шешімдер бұрыннан
	1) сыни талдау бар;		
	2) талдау ішінара жүргізілген;		
	3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;		

		4) талдау жоқ.	белгілі ғылыми ұстанымдармен салыстырылып, олардың айырмашылығы мен артықшылығы ғылыми тұрғыда бағаланған. Осы арқылы зерттеу жұмысы қазақ халқының рухани әлемін жаңа қырынан тануға мүмкіндік береді және ұлттық философиялық ойлау жүйесіне тың серпін қосады.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертацияда қазақ руханиятындағы зайырлылық пен діндарлық өзара байланысы тұңғыш рет тұтас жүйе ретінде зерттелген Бұған дейінгі еңбектерде зайырлылық пен дін мәселесі жекелеген тарихи кезеңдермен немесе теологиялық, саяси контекспен қарастырылып келді. Ізденуші жұмыста алғаш рет түркі дәуірінен қазіргі кезеңге дейінгі рухани кеңістікте бұл құбылыстарды сабақтастықта, кешенді рухани жүйе ретінде қарастырып отырсыз. Зайырлылық көбінесе батыстық түсінікпен діннен алшақтық деп түсіндірілсе, бұл жұмыста ізденуші қазақтың дәстүрлі мәдениетінде дінді терістемейтін, бірақ қоғам мен мемлекеттің үйлесімді дамуын көздейтін рухани зайырлылық үлгілері ретінде сипатталған. Бұған дейін қазақ қоғамындағы діндарлық көбіне исламдық ұғымдармен өлшеніп келсе, бұл еңбекте рухани, моральдық, дүниетанымдық деңгейлер бойынша ұлттық діндарлық типі көрсетілген. Сонымен қоса, қазіргі діни плюрализм жағдайында діннің қоғамдағы рөліне арналған практикалық қорытындылар жасалып, болашақ үшін бағдарлық принциптер ұсынылған (мысалы, рухани қауіпсіздік, діни білім беру, конфессияаралық мәдениет т.б.).
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Қазақ халқының дүниетанымындағы зайырлылық пен діндарлықтың үйлесімділігі бір-біріне қарсы ұғым емес, қайта біртұтас рухани жүйе екені алғаш рет дәйекті түрде ғылыми дәлелденген. Абай ілімі исламдық дәстүршілдікке де, батыстық секуляризмге де тәуелсіз, ұлттық руханиятқа негізделген зайырлы дүниетаным ретінде алғаш рет ғылыми негізделді. Қазақ қоғамының дәстүрлі құрылымында құндылықтық зайырлылықтың тарихи-мәдени формалары алғаш рет жеке зерттеу нысаны ретінде сараланған. Қазақ дүниетанымына тән әлеуметтік-философиялық діндарлық моделінің дінтанулық сипаттамасы берілген. айырлы мемлекеттілік пен рухани діндарлықтың болашақтағы өзара ықпалдастығына қатысты прагматикалық-теориялық ұсыныстар берілген.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертация жұмысының тақырыбы «Қазақ халқының рухани әлеміндегі зайырлылық пен діндарлық дәстүрлері» – гуманитарлық салаға жататын зерттеу болғанымен, оның ішінде басқару, әлеуметтік-гуманитарлық саясат, қоғамдық тұрақтылық пен мәдени даму салаларына қатысты шешімдер ұсынылған. Сондықтан да бұл зерттеу жұмысының экономикалық немесе басқарушылық шешімдер тұрғысынан жаңалығы бар деп толық айта аламыз. Диссертациялық зерттеуде ұсынылған шешімдерді зайырлы және діни қатынастарды басқарудың ұлттық үлгісін жасау, рухани капиталды дамыту, конфессияаралық келісімді нығайту және рухани тәрбие беруде цифрлық әдістерді қолдану атап айтқанда басқарушылық, әлеуметтік және технологиялық тұрғыдан жаңа әрі ғылыми негізделген. Олар Қазақстанның мәдени-гуманитарлық және қоғамдық даму стратегиясына нақты үлес қосуға бағытталған шешімдер ретінде бағалауға болады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Зерттеу жұмысының барлық қорытындылары ғылыми дәлелдерге негізделген. Адамзат тарихындағы ғылым мен діннің өзара ықпалы, бұл екі феноменнің қоғамды рухани және білімдік тұрғыдан қалыптастырудағы қызметі жаңа қырынан ашылған. Бұл тұжырым зайырлықтың тарихи-мәдени феномен ретінде қалыптасуын ғылыми негіздейді. Қазақ халқының тарихи кезеңдеріндегі зайырлылық пен діндарлықтың өзгермелі қатынасы, оның бұзылмаған түпкі мазмұны алғаш рет рухани-тарихи жүйеде сарапталған. Түркілік рухани кеңістіктегі тәңіршілдік, шамандық, зороастризм және ислам дәстүрлерінің синтезі арқылы рационалды және иррационалды рухани практикалардың байланысы ғылыми түрде дәлелденген. Орта ғасырларда зайырлылық пен діндарлықтың қатар өмір сүруі қазіргі Қазақстандағы діни саясаттың тарихи негізін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл кезеңнің тәжірибесі зайырлы басқару мен діни ықпал арасындағы тепе-теңдікті қалыптастыруда үлгі ретінде ұсынылған. Абайдың «толық адам» концепциясы арқылы дін, білім және адамгершілік құндылықтарды үйлестіру жолы ұсынылып, қазіргі рухани саясатқа қолдану мүмкіндігі дәлелденген. «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасының рухани негізі ретінде зайырлылық пен діндарлықтың үйлесімді қатынасы ұсынылған. Бұл идея қазіргі қоғамдық санадағы рухани парадигманың өзгерістерін түсіндіретін жаңа басқарушылық және гуманитарлық ұсыныс ретінде бағаланады.

7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	7.1. Негізгі ғылыми жаңалықтар толық дәлелденген. Ізденуші тарапынан 7 тұжырым айқындалған және олар зерттеудің нәтижесімен бірлікте тұтасқан. 7.2 Әр қағидат тривиалды емес саналады. Автор қағидаттарды ерекше тәсілмен, жан-жақты қырынан қалыптастырған. 7.3 Мейлінше жаңа. Зерттеу тақырыбы Қазақстандық дінтану ғылымында арнайы зерттелмеген. Бұл зайырлылық пен діндардық құбылыстарын кешенді қарастырған жұмыс. Сондықтан да нәтижелері жаңалығымен ерекшеленеді. 7.4 Қолдану деңгейі кең. Бұл тұжырымдар білім беру, діни саясат, мәдени интеграция, конфессияаралық келісім, жастар тәрбиесі салаларында қолданылуы мүмкін. Атап айтқанда: «Толық адам» концепциясы – адам капиталын дамытуда; Түркілік рухани синтез – рухани мұраны сақтауда; Қараханид кезеңі – зайырлы билік моделін қайта пайымдауда; Қазіргі теңгерім мемлекеттің діни саясатын жетілдіруде. 7.5 Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары ретінде 20 мақала жарияланған, оның 9-ы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және білім саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда: («Адам әлемі» – 5, «Әл-Фараби» – 2, «ҚазҰУ университетінің хабаршысы» журналында -1, «Тарих» электронды журналында – 1). Сонымен қатар, 2 мақала SCOPUS дерекқорында индекстелген журналдарда жарияланды. Жарияланған мақалалар жүргізілген жұмыстың мазмұнына толық сай келеді. Қасабекова Е.Қ. Қазақ халқының діндарлық дәстүрлеріне шолу. «edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы № 2(18) 2019. https://edu.e-history.kz/kz/publications/view/1177, Тоқтарбекова Л.Н., Қасабекова Е.Қ. Ислам және Батыс Еуропа: интеграция мәселелері. Адам әлемі. – 2020. – №1 (95). – 159-168 бб. Нұрмұратов С.Т., Қасабекова Е.Қ., Аймұратов С.Б. Адам әлемі. –2021. – №1 (87). – 111-123 бб., Сейдуманов С.Т., Қасабекова Е.Қ. Қазақстанның діндарлық дәстүрлеріндегі зороастризм элементтері. Адам әлемі. –2022. – №2 (92). – 163-172 бб.
		7.1 Ереже дәлелденді ме?	
		1) дәлелденді;	
		2) шамамен дәлелденді;	
		3) шамамен дәлелденбеді;	
		4) дәлелденбеді;	
		5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
		7.2 Тривиалды ма?	
		1) ия;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма?	
		1) ия;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) кең	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	

8.		1) ия;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертациялық жұмыстың әдіснамасы нақты жазылған. Зерттеу жұмысында Әрбір кезең тарихи-мәдени, әлеуметтік-философиялық және дінтанулық тұрғыдан теориялық негізделген. Зерттеу барысында қолданылған салыстырмалы, тарихи-типологиялық, құрылымдық-функционалдық, герменевтикалық әдістер – тұжырымдардың сенімділігін арттырады.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Иә. Диссертация жұмысының нәтижелерінің компьютерлік технологияларды ұтымды қолданған. Интернет-ресурстар мен цифрлық мұрағаттарды пайдалану ҚР ҰҒА, eLibrary, Ғылым ордасы, Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының сандық қоры, Халықаралық ислам интернет-платформалары сияқты цифрлық мұрағаттардан мәліметтер алынған. Қазіргі қоғамдағы діндарлық пен зайырлылық жайлы қоғамдық пікірді анықтауға арналған онлайн сауалнамалардың нәтижелері пайдаланылған.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары	Зерттеудің теориялық қорытындылары мен ғылыми тұжырымдары нақты дереккөздер мен ой-тұжырымдарға сүйене отырып дәйектелген. Диссертациялық жұмыс гуманитарлық салаға жататындықтан, мұнда «эксперименттік зерттеу» ұғымы әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулерге бейімделген түрде түсіндіріледі. Түркілік дәуірден бастап қазіргі Қазақстанға дейінгі зайырлылық пен діндарлықтың эволюциясы мен сабақтастығы нақты тарихи кезеңдер (Қараханидтер, Ресей кезеңі, Кеңес дәуірі, Тәуелсіз Қазақстан) мысалында талданған. Абай, Шәкәрім, Яссауи, Баласағұн сияқты ойшылдардың

		үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	шығармаларын жүйелі талдау арқылы «толық адам», «таза ақыл», «әділет», «зайырлы сана» сияқты ұғымдар өзара байланысқа түсіп, рухани модель ретінде қарастырылған. Қазақ қоғамындағы зайырлы құрылым мен діни сенімдердің қоғамдық мораль, тәрбие, гуманизммен байланысы эмпирикалық деректер мен ғылыми еңбектерге сүйене отырып дәлелденген.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық жұмыста келтірілген барлық маңызды ғылыми мәлімдемелер отандық және шетелдік сенімді, заманауи, теориялық және тарихи әдебиеттерге нақты сілтемелер арқылы дәлелденген, бұл оның ғылыми құндылығы мен жаңалығын арттыра түседі. Зерттеуде Әл-Фараби, Яссауи, Баласағұн, Абай, Шәкәрім, Уәлиханов, Дулатов сияқты отандық рухани мұра өкілдерінің еңбектеріне нақты сілтемелер жасалған. Диссертацияда Н.Ж. Байтенова, Ғ. Есім, С.Әбжалов, М. Исахан, Т. Ғабитов, т.б. отандық ғалымдардың зайырлылық пен дінге қатысты зерттеулері пайдаланылған. Сонымен қатар, А. Мец, М. Ходжсон, Ю. Хабермас, П. Бергер, М. Вебер секілді шетелдік беделді гуманитарлық зерттеушілердің еңбектеріне сүйенген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз.	Қолданылған дереккөздері әдеби шолу үшін жеткілікті. Ізденуші «Қазақ халқының рухани әлеміндегі зайырлылық пен діндарлық дәстүрлері» тақырыбына қатысты зерттеулерді рухани және зияткерлік тарих контекстінде қарастырған отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін диссертациялық жұмыста қолданған. Қазақ халқының діндарлық дәстүрлері мен ислам діні мәселелері ежелгі және орта ғасыр ойшылдарының еңбектерінде кеңінен көрініс тапқан. Қоғамдағы зайырлылық пен діндарлықтың арақатынасын зерттеу мәселесі бойынша отандық ғалымдардың және қазақ философиясы мен дінтану саласында бұл мәселе арнайы зерттеу нысаны болмағандықтан болар, тақырыпты қазақ философиясының тарихы мен рухани мәдениетінің аясында қарастырып, талдаған ғалымдардың еңбектерін негізге алған. 113 дереккөз зерттеу нысанының теориялық және әдіснамалық негіздерін тереңірек түсінуге мүмкіндік беріп, диссертациялық жұмыстың мазмұндық деңгейін арттырған.

9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Зерттеудің теориялықмаңызы дінтану, философия, этнография және мәдениеттану арасында орналасқан. Осы диссертацияда қолданыстағы теориялық модельдер (секуляризация, постсекулярлық дискурс, рухани мәдениеттің динамикасы) қазақ қоғамының бірегей тарихи–мәдени контекстінде қайта қарастырылған. Нәтижесінде тек шетелдік бағыт-бағдардан алынған тұжырымдамаларды қолданысқа енгізіп қана қоймай, отандық ғалымдардың ұстанымдарымен сәйкестендірілген жүйелі әдіснама ұсынылған. Сонымен қоса, диссертация тұжырымдары қазақ қоғамының тарихи-мәдени тәжірибесін негізге ала отырып, постсекулярлық теорияны локалдық деңгейде тексеруге мүмкіндік береді. Бұл – зайырлылық пен діннің суверенді мәдени контекстегі ролін қайта бағалауға, осы саладағы жалпыға ортақ теориялар мен нақты ұлттық өзіндік сипаттамаларды байланыстырып талдауға жол ашады.
		1) бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары. Оны жұмыстың құрылымы және айқын логикасы дәлелдеп тұр. Әр бөлім өз алдына белгілі бір мәселені қарастырып, алдыңғы бөлімдердің қорытындысына негізделген. Изденушінің ғылыми жазу стилі және терминологиялық дәлдікті сақтауын атап өтсе болады.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	

		4) төмен.	Мәтінде тақырыпқа арнаулы ғылыми лексика жан-жақты қолданылған. Сөйлем құрылыстары күрделі болғанымен, синтаксис пен пунктуация талаптары қатаң сақталған.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияның кейбір тұжырымын нақтылау үшін деректер мен мысалдармен толықтыру жоқ: ұсынылған негізгі ойлардың тарихи-әдеби және археологиялық деректерге, сонымен бірге диссертациядағы нақты зерттеу нәтижелеріне (сараланған дереккөздер мен эмпирикалық материалдарға) сілтеме жасау арқылы дәлелдемелік база нығайтылса. Мысалы, «Қараханидтер дәуірі... зайырлықтың қалыптасуына ықпал етті» деген тұжырымда осы кезеңге қатысты нақты деректер, мемлекеттің заңдары мен әкімшілік практикалары көрсетілсе, қорытындының ғылыми деңгейі жоғарырақ болар еді. Бірақ бұл ескерту диссертацияның негізгі ғылыми деңгейіне нұқсан келтірмейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		1. Academic Journal of Interdisciplinary Studies. The Role of Religion in Shaping Sociocultural Self-Identification of Society in Kazakhstan. Academic Journal of Interdisciplinary Studies, 2023, 12(5), PP 145–156 (Burova E., Sagikyzy A., Jamanbalayeva S., Shagyrbay A. бірге) 2. Relacoes Internacionais no Mundo Atual. Intercultural connections in Central Asia: comparative study of Zoroastrian and Kazakh traditions, religiosity, and culture Vol.3, n.45 e-7486 p.556-573 Julho/Setembro 2024 (S. Seidumanov, S. Nurmuratov, A. Shagyrbay, K. Kurmanbek бірге)
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі		6D020600 – Дінтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Қасабекова Еңлік Құралғазықызының «Қазақ халқының рухани әлеміндегі зайырлылық пен діндарлық дәстүрлері» атты диссертациясы

	ереженің 28-тармағына сәйкес)	ғылыми жұмыс талаптарына сай келеді. Осыны негізге ала отырып, Қасабекова Еңлік Құралғазықызын 6D020600 – Дінтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынамын.
--	-------------------------------	---

Ресми рецензент:

Нұр-Мұбарак Египет ислам
мәдениеті университеті,
профессор



Затов К.А.

